

Л 2004

85534

Жақай
Дәуренбеков

2

Жақай

Дәуренбеков ақсау

Алматы
“Ана тілі”
ЖШС
2007




Д. Жақау Әуренбеков

2

Таңдамалы
шығармалары

Алматы
“Ана тілі”
ЖШС
2007



ББК 84 Қаз 7-4
Д 22

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Дәуренбеков Ж. “Таңдамалы шығармалары”. (2-том)
Д 22 (Повестер мен әңгімелер). Алматы: “Ана тілі” баспасы,
2007 — 368 бет.

ISBN 9965-670-58-7

Автордың бұл кітабына өмірдің өзіндік өзегі — тартысты тірлік пен тоғысқан тағдырлар жайындағы әңгімелері мен повестері топтастырылған.

Жинақтағы дүниелердің оқиғасы шымыр, ойы көркем, тілі тартымды.


Д $\frac{4702250201}{00(05) - 07}$ - 07

ISBN 9965-670-58-7

ББК 84 Қаз 7-4

© Дәуренбеков Ж., 2007

© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2007



WHIMEVER



ТЫНЫШТЫҚ НЕТКЕН МҰҢДЫ ЕДІ

(триптих)

1. ҚЫЗЫЛ БАСПАҚ

— Балам, жүр, баспақты жетектеп апарып берейік. Өтіби басқарма түске шейін кеңсенің алдына жиналыңдар деген. Кешіксек тағы айқай сап жүрер, — деді апасы. Бас жіпке лайықты кеңдір арқаннан екі құлаштайын қиып алды да, сүріне-қабына мал қораға қарай дедектеді. Абыржуын шашбауындағы күміс теңгелердің шылдыр салысы да аңғартқандай, тізелігі жамау-жамау кең қолтық көйлегінің салпылдаған етегінен тырп-тырп басқан кебісінің өкшесі қылт-қылт көрініп, білегіндегі ұзын арқанның ұшы жерге тиіп шұбатылып барады.

Майкө бір аттап кідірді де, жанарын сығырайтып қора төбесінен алысқа көз жіберді. Апасының жаулығындай боп-боз бұлтсыз аспанда ауылдың шығыс жағын ақшағырмақ сәулеге шомылдырып шақырайған күн өрлеп тұр. Бұлар қоянтобық қазуға баратын Үштөбе ақшағырмақ арасынан бозаң тартып болымсыздау сылаңытады. Неге екені белгісіз, бұлтты күндері ирек жондары қарауыта тұтасып, етегіндегі қарасудан бермен қарай созыла ұзарып Үштөбе сәлпәл болса да жақындай түскендей болады. Ал ашық күндері керісінше, тым-тым алыстап қиядан шалынады осылай. Біртүрлі әуей көңілді қытықтап, қызығушылық әсерге бөлейді.

Ондай күй бұл жолы қайталанбады. Қора жақтан апасының шаптығып қарғанған дауысы мен қызыл баспақтың мөңірегені қабаттаса шықты да, қапелімде ұрыс естіп қалармын деп қыпылдаған Майкө бәрін жәйіне қалдырып, жүгіре басып жетті.

Апасы қолындағы арқан ұшын қызыл баспақтың былғары мойыншағына ілмек боп әлектеніп жатыр екен. Жанына келген Майкө:

— Апа, мойыншағын үзесің ғой. Одан да мойнынан орап байлайын, — деді басын ала қашып үркектен тұрған баспағының әукесін қаси бастап.

Апасы қолындағы арқанды ұстата салды да:

— Енді қызыл баспаққа оның не керегі бар. Бәрібір емес пе? — деп күрсініп қойды.

— Сонда да, мейлі, жүре берсін, — деді Майкө, баспақтың мойнындағы қарая бастаған жап-жалпақ былғары мойыншақты алақанымен ақырын сипай түсіп. Сосын, есіне түсе кеткендей, саусақтарымен былғарының іш жағын айналдыра қарап алды да, апасына маңызданған кейіппен күлімдей бұрылды:

— Көрдіңіз бе, таңба-жазуым әлі өшпепті. Ал бұны жазғалы қашан?..

— Білем ғой, білем... — деп, апасының көзі жасаурай қалғандай болды.

"Неге білмесін", — деп ойлады Майкө ішінен, — сынық мүйіз сиырлары бұзаулаған күннен бастап айналдырғаны осы емес пе еді. Қыстай жылы пештің түбінде бақты. Күн жылынысымен өзі жетектеп жүріп көкке жайды, мойнына ескі белбеудің былғарысынан мойыншақ жасап, кішкене қоңырау таққан да өзі. Қоңыраулы қызыл бұзау өсіп, тұяқтары қатайып, қайқы бел қызыл баспаққа айналғанда, Майкө былғары бауын қайтадан жасады. Енді оған белбеудің тоғасын салып кеңейтіп отыруға қолай етті. Іш жағында: "Майкө, Ақеспе ауылы", — деп, шаппаның ұшымен шекіп салған ойма жазуы барын да жатқа біледі.

Апасының көзінің жасаурағаны соның бәрі есіне оралып, елжірегеннен шығар. Қимай да тұрғаны анық-ау. Бірақ амалы қайсы. Әтіби басқарма айтты — заң. Басқармаға қарсы келуге болмайды. Оның ойдан шығарғаны емес, жоғары жақтың нұсқауы солай. Сұрауы өзінен болған соң басқарма өлдім-тал-

дым орындауға жанын салып, елдің екі аяғын бір етікке тығады, тарыдай қуырады. “Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін!” — дегесін, ауыз ашуға ешкімнің де жүрегі дауаламайды, қан кешіп жатқандардың киесіне ұшыраудан қорқып, тілдерін тістеп, сап басыла қалады.

Колхоз кеңсесінің алдына топырлап біраз ел жиылып қалыпты. Қимай-қимай жетектеп әкелген сиырлары, тайынша-баспақтары кеңсенің ағаш шартағына қаз-қатар байлаулы тұр. Бәрін қосып санағанда басаяғы жиырма шақты қара боп қалады.

Іле іштен Әтіби басқарма да шықты. Ырғалып-жырғалып жатпады, қолындағы қағазын саусағыңдағы қалам ұшымен бір шертті де, жиылып тұрғандарға:

— Әкелгендерің бір-бірлеп айқайлап аты-жөндеріңді, малдарыңның түр-түсін, жасын айтыңдар. Бәрі қағазға түсіп қатталады. Сосын қолдарыңды қоясыңдар, — деді жалғыз көзімен бәріне жағалата қарап шығып. — Кәні, қайсыңнан бастайық?

Тұрған жұрт гуілдей түсіп басқармаға қарай топырлады. Елеңдесіп, естігендерін бірінен бірі іліп әкетіп жатыр:

— Аты-жөндеріңді айтасыңдар дейді.

— Қағазға түсіреді екен..!

— Қағазға түсіреді...

— Қол қояды екенбіз...

— Қол...

Қоралары жапсарлас құлағы саңырау Ақшай кемпір ештеңеге түсіне қоймай сәл аңырып: “Әкел деген сиырын әкеп байладық, тағы не деп жатыр?” — деп, өзгені тыңдата алмай, өзіне қарай бұрыла кідірген соң, Майкө мұрнын бір тартты да: “Бармақтарыңды басасыңдар дейді, бармақтарыңды!..” — деп құлағының түбінен айқай салды. Жыбыр еткізіп қасын қаққан кемпір естіп болып, тосқан құлағын қайтадан жаулығының шетіне жасыра қойды. Әжім торлаған көзінің айналасын одан сайын жымыра сықсиып, басын кек-жең еткізген кейпі “Е-е, құдая, сол-ақ па еді”, — дегендей еді. Қолындағы қисық таяғын тық-тық тоқылда-тып, Әтіби басқарманы қоршалай алған жұртқа қарай өзінен-өзі: “Бармағыңды дей ме? Басамыз ғой, баспағанда неғыламыз?” — деп бұрқылдай сөйлеп бүк-жең-деп барады.

Шартақ жанындағы қызылының жанынан кетпей қалған жалғыз Майкө ғана. Тебіреніп толқып тұр. "Ай, қызылым-ай, — дейді әукесінен қаси түсіп. — Қайтесің осылай болды жүрімің. Тайыз өткелдің табанынан иісі бұрқыраған көк пішенді өзің үшін орып құрғаққа шөмеле етіп үйіп едім. Оны көрсең, сілекейің шұбырып мөңіреп қоя берерсің-ау. Бірақ ол саған бұйырмайын деп тұр екен. Енең қасқа сиыр рәтін көретін болды. Мейлі, қасқа сиыр да біздің бәрімізді асырап отырған ақ сүтті екінші анамыз ғой. Соның ағарғаны болмағанда былтырғы қыста біз бір үйлі жан аштан қырылып қалады екенбіз. Апам сөйдеп отырады ылғи, "Балаларымның несібесіне жаралған, маңдайымызға біткен құт қой қасқа сиыр", — дейді. Қасқа сиыр бәріне түсінеді. Алдына көк пішенді салып, астына құрғақ сақ төсеп, жылы қораға байлағасын биыл қыста бізге тағы да сендей бір қызыл бұзау туып берер. Уызын да ішерміз қарқ болып. Жылы пештің түбіне жатқызып бұзауқанды қыстай өзім бағып шығамын. Мойнына әдемі мойыншақ жасаймын. Ол да сен сияқты мөңіреп соңымнан еріп жүрер... Сен, қызылым, бізге ренжіме. Соғыс қой бәріне кінәлі. Соғыс болмағанда сен де қаннен-қаперсіз Үштөбенің баурайында балқұраққа тойып ап, сонасын құйрығыңмен шыбыртқылап шауып жүрер ең. Әттең, басқа амалдың жоқтығы..."

Қызыл баспақ тамағының астынан ақырын сипалаған Майкөнің алақанынан тараған сиқырға арбалағандай дымқыл тұмсығын жоғары көтере емініп, танадай көздерін төңкеріп тастап, тапжылмай құлағын қайшылап тұр. Әукесінен тараған қытық жыбырлатып жануардың құшырын қандыра түскендей шолақ құйрығына үймелеп жатқан көк шыбындарды да елеместен көзін бір ашып, бір жұмады. Қазанның түбіндей жылытыраған қара танауды лыпыған жалындай қызыл тілімен жылп-жылп жалайды.

Бір кезде басқарманы қоршағандар лықсып кейін серпілді. Дабырласып сөйлесіп, айналасына алақтай қарасқандардың ішінен іле Тобышақ шалдың келіні Тазагүлдің елдің алдын орап:

— Әй, Майкө, неғып тұрсың? Баспағыңды қағазға түсірмейсің бе? — деп қарадан-қарап, аптыққан дауысы естілді.

Жақындап келе берген Майкөні көргенде басқарма құлағына қыстырған қаламын қолына қайта алды да:

— Мергенбаев, сенікі анау қызыл баспақ па? — деп фамилиясын қағазына үңіліп, ұзақ жазғыштады.

— Өзім де сені іздеп отыр едім, — деді басқарма қолын қойып жатқан бұған бұрыла қарап. — Ертең кешке шөпке бармай-ақ қой. Тобышақ шалмен бірге мына малды ауданға айдасып апарасың. Естіп тұрсың ба? — дегенде қапелімде Майкө не дерін білмеді. Біртүрлі қорқып қалды. Апасы тағы не деп жүреді. Бірақ басқарма шөптен босатып жұмсап отырса батылы барып қарсы келе қоймас.

— Ендеше, азанда осы жерде бол, бүгін жақсылап ұйықтап ал. Қолыңа ұзын қамшы ала шығуды ұмытпа, — деп Әтіби басқарма тұрған елдің көзінше түсіндіре сөйлеп пысықтап алды да, жылдам басып ішке кіріп кетті.

Жұрт әкелген малдарын қимай екеуара, үш-төртеу боп өзара шүңкідесіп сөйлесіп тұр. Енді болмаса айқара ашулы кеңсенің тапал есігінен еңкейіп Әтіби басқарма шыға келердей. Шыға келіп: "Әй, жарайды, жарандар, малдарыңды қайтып ала қойыңдар", — деп айқай салардай белгісіз үмітпен жапақ-жапақ қарағыштай береді "Бұл сұм соғыс бітіп болмады ғой..." — деп, "Шешей-ау, балаңнан хат жоқ па?" — деп, "Естідіңдер ме, Қасымқара жараланып бәлніске түстім, тәуірмін деп саулығын айтыпты. Шешесі байғұс қуанып отыр..." — деп дабырласқан күрсініс пен уаныш аралас әйел дауыстары естіледі.

Майкө де тұра жөнелмей, жұрт сияқты қызыл баспағына қарайлап тұр. Соғанша болмай, кеңсенің ішінен Әтіби басқарма емес жаздың күні болса да аяғына саптама етік, үстіне қиық жаға қара фуфайка киген Тобышақ шал шықты. Талтаң-талтаң басып көзімен әлдекімді іздеп алақтап келеді. Майкөні көрді де қолын сермеп:

— Балам, бері кел, — деп шақырды. — Мыналарды шарбаққа қамайық екеулеп, — деп тосып алып, емпеңдеп алға түсті.

Тобышақ шал сиырларды бас жібінен жетелеп, Майкө артынан айдасып бір-бірлеп бәрін ішке қамады. Соңын ала кіргізген қызыл баспағы әрі қарай ат-

тап баспай, шарбақтың есігін жауып жатқан Майкөге қарап мөңіреді де, ақырын басып қайтып келді жанына. Майкөнің қолын жалағысы келгендей тар шарбақтың арасынан түмсығын созады. Танауының дымқыл демі қолына жып-жылы тиеді.

— Бұлар енді өкіметтің малы, — дейді Тобышақ шал ішінен қайталап санап тұрғандай қадала көзін сүзіп, сөйдейді де әдеттегіше кішкене басын шайқай береді. — Енді балам, екеуміз осыған жауапты адам болдық. Құдай қаласа ертең бісміллә деп жолға шығамыз, ал сен бұрын Аралда болып па едің?.. Е-е-е, болмасаң себеппен көріп қайтатын болдың. Өстіп-өстіп көре бергенің жақсы, — деп үйінің тұсына дейін самбырлап сөйлеумен келді.

Майкөнің шынында да мұндай алыс жолға тұңғыш шығуы. Сәл қобалжу пайда болды. Ал апасы: "Байқа, күнім, ана атаңның жанынан ұзап шығушы болма", — деп пысықтауын жүріп кеткенше жүз қайталаған шығар. Бұлар да жуық маңда жүріп болсашы. Тобышақ шалдың шаруасы бітпей ырғатылып-жырғатылып жүріп алды. Жұрттың да тілегені сол-ақтай. Өзді-өзі гуілдесіп, өз қолдарымен алдарына әкеп салса да көздері қимай, айналшықтап әлі жандарынан шықпай жүр. Кезек-кезек барып Тобышақ шалға бірдеме деп кетеді, кезек-кезек келіп, Майкөге де қиыла сөйлейді:

— Айналайын, Майкөжан-ау, енді өзің байқарсың, — дейді үлкен басын кішірейтіп.

Майкө қысыла түседі. Оған қарап жатқан олар жоқ. Бұған кәдімгідей үміт арта қарайды. Қайсысын тыңдаса да бәрінікі жанындай боп кеткен малының қамы.

— Менің қасқа сиырымды байқап айдарсың, өзі сол аяғынан ақсап жүр еді, обал болмасын, — деп бірі өтініш айтса, бірі:

— Ала қашарым аздап қашағандау, қуып-соғып зорықтырып алып жүрмендер. Өзі сиыр қарасы болса болды, ұзамайды, — деп мақтап та жатыр, ұзамай малдары қолдарына қайтып келетіндей.

— Жануар кетіп бара жатқанын сезіп мөңіреді-ау... — деп Ақшай кемпір иегі кемсендеп көзіне жас алды.

Ауыл шетіне дейін айдасып шуылдасып келген жұрт соңдарынан ұзақ қарап тұрды. Сары атаңды жа-

зылап мінген Тобышақ шал мүйізі қарағайдай қасқа сиырды ұзын бас жіппен жетектеп алған. Қыстай ша-наға жегілген қоң еті әлі қонылтақ құла атпен Майкө өріп бара жатқан сиырлардың соңынан салды.

Сиырлардың жон арқаларында шығыстан шуақта-нып шығып, Үштөбенің үшкіл басынан үңіліп тұрған күннің нұры жылт-жылт ойнап барады. Қызыл сиыр-лардың сауырлары өрттей лаулап көз қарықтырса, ішгеріндегі Ақшай кемпірдің тоқал мүйіз сиыры қара барқыттаи боп оқшау көрінеді. Жетектегі қасқа сиыр-дың соңынан қаптай өрген қалың табынның екпіні боз жусан иісі бұрқырай жайылып, бұйығы жатқан кең даланы кенеттен сергітіп жібергендей. Тұяқтар-дың біркелкі сыртылы тұнық ауада дүсірлеп шығады.

Бұған ала жаздай малға мініліп әбден қара тартқыш боп қалған құла аттың тағалы тұяғының салмақты дүкілі дем береді. Оқтын-оқтын басын кекжең еткізіп көтеріп алады да, Майкөнің білегіндегі қамшыға қарайлағандай қоян құлағын ақырын қағып-қағып қояды. Неше түрлі шөп сабағын шашасымен сызып келе жатқан құла ат енді бір сәтте шыдамай кетіп ауыздығын қаршылдата сылдыратып, мойынды созып жіберіп көк бидайықтың дәнді басынан шала-пұла шал-ған болады.

Қияқсайдан өткеннен кейін жердің шөбі бұдан да бетер түрленіп, тұнып көрінді. Көктемгі судың табаны болған жәйпақ жазықтың ортасынан пыр-пырлап қырғауыл ұшты, бүйір беткейдің қылаңынан шыға келген бір табын киік бұлардың алдын орағытып ағып өте шықты, шеттеп бара жатқан шолақ құйрық ақбас қашарды қайырам деп қуалап жүргенде дәл алдынан ытырылып қызыл түлкі құйрығы сүзіле қашты. "Әттең, Әшімбеттің көк тазысын ерте шыққанда қызық болатын екен, қап, әттесі-ай..." — деп өкініп қалды Майкө.

Дала сырт қарағанға аң-құстан ада, далиған жайдақ жазық боп көрінеді. Сай-саласы мен ойпаңы, жайпау-ыт еңістері мен енсіз өзекшелері жақындап келгенше көзге байқала бермейді. Жерінің қыртысына қарай шөбінің қалыңдығы мен реңінің құбыла өзгеріп оты-ратынын да таңдана аңдап келеді. Ызалы тұстардың оты ұйысып өсіп, анадайдан бояуы қоюланып,

қаракөктеніп шалынады. Қақ суының орындары белден келер бидайық пен ақселеулі алқапқа айналыпты, топ-топ болып пыр-пырлаған ұсақ құстарынан көз тұнады.

Мал екеш мал да мұны сезеді. Төңірегiнiң ауасына дымқыл леп таратып, толықсыған тұмса қалпы тұнжырап тұрған балқұрағы қалың тұстарға таяна бергенде ұбатылып-шұбатылып мүйіз қағысып қойып, бүйірлерін сүйкенісіп келе жатқан сиырлардың сілекейлері шұбырып, танауларына жеткен шөп иісіне өңештері шыдамай өңмендеп бұрыла қашады. Ұзын қамшысын ысқырта үйірген Майкөнің жалма-жан жанталасып: "Әй, өк! Өк!.." дегеніне де қайыру бермей, жаңа туған бұзауын көргендей тұс-тұстан мөңіресіп, тасыраңдай шауып, есті шығарып жібереді. Майкөнің қуып жүріп сілтеген қамшысының ұшы біріне тиіп, біріне тимейді.

Құрақтан бір-бір қаршып қайырыла қашқан сиырларды біржолата жетектегі қасқа сиырдың соңына салғанша құла аттың да қолтығы қызынып, танауы делиеді, айқайлай-айқайлай алқымы кеуіп, алақаны дуылдап, Майкө де терге малшынады. Мұндайда атаң үстіндегі Тобышақ шалдан қайыр аз. Артына бұрылып қарайды да, бар қолдан келгені сол болып, тасыраңдай қашып жүрген сиырларға: "Өй, қарасан келгірлер! Қайтеді-ей, мына алабас бәле? Шықпай жатып қарашы өзін? Ұршы қамшымен!.. Ың-ң, сөйтші бәсе!.." — деп құр кіжініп, екіленіп қояды.

Ұзақ жолдың біраз белін артқа тастап, Қаракөддің табанына аялдағанда ыстықтан ыпыны кетіп, қақпаны келгір қашағандарды қуумен әбден зықысы шыққан Майкө шыдамай, қашан жететіндерін сұрап көріп еді, заматта көңілі пәсейіп қалды.

— Әлі қайда, біраз бар ғой, — деді шал қолындағы бұйданы жазының басына іліп жатып, — аудан деген салт аттыға күндік жер, біз, құдай қаласа, ара қонып жетеміз, — деп атаңды көлге қарай айдап салды.

"Е-е, сорымыз қайнайды екен, құла ат", — деді ішінен Майкө көзімен көл суына жапырлай бас қойып жатқан сиырларға қарап тұрып. Көзінің жымығынан жіпсіп ащы тер аққан құла ат кекілін желп еткізіп басын шұлғып қойды, ауыздығын қарш-қарш шайнап, құлағын қайшылады.

Суға қанып қарны шерміп шыға келген қызыл баспақ теңселе басып жанына таянды. Тұмсығынан тамшылаған суды басын шайқап-шайқап шашыратты да, Майкөге қарап мәлие мәңіреді. Сосын мойнын марғаулана жерге созып ақырын тарпынды да, алдыңғы екі аяғын жасқана бүгінкірей түсіп, қиралаң етіп жата кетті.

Теңкиіп-теңкиіп жатып алған сиырлар енді қайтып тұрмастай тұмсықтарын көтеріп тастап, күйіс қайыруға кірісті.

Майкөнің де алдындағы күлшесін жеп алып, шалқасынан түсіп былқ етпей ұйқтағысы кеп кетті. Ойы: "Малға да, жанға да рахаты бірдей болар еді, — дейді қытықтап. — Сиырлар да тұяқтарын суытып қанған суларына шайланып қалар еді..." Бірақ шал сүйектері сықырлап жүріп шаршауды білмейтін жан екен. Дем басып тынығып жарытпады. Жарты сағат болмай жатып тышыршып, басындағы орамалын қайта орап байлады да, тез тұрып кетті. Барып мүлгіп тұрған сары атанды бұйдасынан тұқырта тартып шөгеріп жатқасын жата алмады. Орынан ықылассыздау түрегелген Майкө сылбыр басып барып құла атқа былқ-сылқ етіп әрең аяқ артты.

Сәлден соң мамырлай теңселіп, бастарын көтере алмай жер сүзіп, аяқтарын ауыр алып, ыңқылдай жапалаған сиырларды алдарына салып жолға шықты.

Жолдың қалған бөлігі бұдан ұзақтау, ырғатылып-жырғатылған ығырлы жүріске айналды. Сиырлардың бойлары барған сайын ауырлап, бүйірлерін соғып тұрып қалулары жиіледі. Бәрінен де көресіні қызыл баспағынан көрді. Көзді ала беріп шеттей жөнелетінді шығарды, шабандап, айқайына қыңбай дымын құртты. Кейіндеп жүрмей тұрып қала берген соң амалы таусылып, қамшының астына алуға мәжбүр болды. Бісылдаған қамшы Қызылының қыр арқасын осып түсіп жатқанда қарауға шыдамай көздерін жұмып ала қояды. Әйтпесе дәті шыдамайтындай. Ақыры, қызыл баспақ қамшыдан қаймықты, әрі-беріден соң мұны көргенде танып, емірене мәңіреуін де сап тыйды, құла ат басын бұра бастағаннан жасқанып тұра қашатын болды.

Бір сәт әңгіме айтып, жол қысқартудың да ыңғайы келмей қойды. Тобышақ шал алда, Майкө тепең-тепең

табын соңынан шыға алмайды. Тек ауық-ауық табынды иіріп кідіртіп, тынықтырып аларда ғана аз-мүз тілге келіседі. Онда да ойға ештеңе оралып жарымайды, ауызға түскен қайымды сөзді айта салады.

— Ата, бұларды не қылады? — деп, малдың жайын сұраған болады.

— Майданға азық-түлік керек, балам, — дейді Тобышақ шал бәрін көріп, білген кісідей-ақ. — Қан майданда соғыс салу оңай болып па? Қызыл әскерге күшті қуат керек... Мынау сол майдан үшін сойылатын мал ғой, кім біледі, әлі соғыстың қашан бігерін...

— Обал ғой, — дейді Майкө де күрсініп, ішінен әсіресе қызыл баспағын ойлап бойын аяныш билейді, — қап, ә? Мына қашарлар ертең-ақ мүйізі қарағайдай үлкен сиыр боп шыға келмей ме? Сосын бір үйлі жанды асырар еді-ау?

— Оның шәксіз, балам, бірақ төрт түлік мал алатағаламның адам үшін жаратқаны деседі. Қашан сойса да обал болмайды, — деп, Тобышақ шал көңіліндегі аянышты серпіп тастағандай болады. Майкө одан әрі үндемей қалады. Күні ертең қызыл баспақтың пышаққа түсерін ойлағанда еріксіз селт ете түседі де, мұп-мұздай суық түйсіктен тұла бойы шімірігіп, тітіркеніп кетеді.

Бірақ осының бәрінің ойлағандарынан басқаша боларын, сөйтіп, ұзамай көңілдерінің болмашы бір демеу үмітпен уанарын қайдан білсін. Осы күймен қалаға да жеткен.

Сөйтсе, айдап әкелушілер жалғыз бұлар ғана емес екен. Шандары түйдектеліп жер-жерден келіп жатқанға ұқсайды. Оның бәрі қала ортасындағы балық заводының кең ауласына қамалып жатыр екен. Төңірегі қаптап жүрген қалың ел: шуылдаған бала-шаға, жаулықтары ағараңдаған әйелдер, қайырылып келіп қызықтай қарасқан жүргіншілер — бәрі де осында жиналыпты. Бің-шың. Оған мал айдаушылар мен қабылдап алушылардың айқай-шуы, сөйлескен абыр-дабыры қосылған. Екінің бірінің ауызында елдің естіп үлгерген жаңалығы: "Малды Украинаға айдайды екен..."

— "Ә, бәсе, — деді бұған қатты қуанғаны сондай, Майкөнің жүрегі лүпілдей жөнеліп. — Қасапханаға емес, алыстағы бауырлас халыққа айдалады екен! Тобышақ шал оны қайдан білсін-ау, бәсе?!"

Көңілінен кетпей қойған бір үміт шынымен алдамаған болып шықты. Енді қайтып келе жатқандағы екеуінің әңгімесі осы болды.

— Бұлары адамшылық ақыл екен, — деп, Тобышақ шал кеуілдене құптап келеді.

— Тек ұзақ жүріске шыдаса болғаны да, — дейді Майкө де көңілінің түкпіріндегі кішкене алаңын білдіріп. Осылайша, өзді-өзі сауал тастасып асықпай аяндап келе жатты. Бір мезгіл сиырларды алда әлі талай қиыншылық пен азабы мол алыс жол тосып тұрғанын, оның айдаушыларға да оңай тимесін айтысты. Ұзақ жолға ол да жұғын болмаған соң, Тобышақ шал бұдан жиырма бес жыл бұрын — дәл осындай шілде айында қолына қару алып қатысқан Арал аяқасы жөнінде әріден әңгіме сабақтады. Майкө тыңдап келе жатып қатты таңырқанды, жапақтап шалдың жүзіне сенбегендей қарай берді. Шалдың азамат соғысына қатысқанынан, шынын айтса, бейхабар еді. Түйе баққаннан басқаны білмейтіндей көрінетін қарнайым қара шалдың Ақтөбе майданының ұрыстарына бастан-аяқ қатысқанын өз аузынан естігеннен кейін елітіп, өзгеше ықыласы оянды. "Біреу айтпаған соң, иә ешкімнен естімегеннен соң осылай адам бірін-бірі білмей жүре береді екен-ау..." — деп қояды ішінен тамсанып.

Шалдың ойы мақтаншылықтан аулақ, діттегені жол қысқартудың қамы болып келе жатқанын да біледі. Жағдайдың ұсақ-түйегіне дейін асықпай түсіндіріп, дәмдеп айтуынан сол ниеттің ыңғайы байқалады. Майкө тырс демей, тыңдады да отырды.

Ауыл іргесіне жақындай бергенде Тобышақ шал атанның басын іркіп, түйе фермасына қарай бұрды. "Басқармаға айта бар, бәрін көңілдегідей еттік, атам ертең келеді дерсің сұрап жатса", — деді кемпіріне тапсырып кеткен малының күйін ойлап мазасызданып, тыпырши түскені жүзінен аңғарылып.

Кеш қарайып қалған мезгіл еді. Кеңсенің алдына жете бергенде алдынан ауылдастары шықты. Жиыла бастаған жұртты көріп, үй алдында қараңдап жүргендер шаруаларын тастай сала бері жөңкілді, ести салысымен бірдемеден құр қалғандай ентігіп жүтіре басқандардың да қарасы көрінеді.

Басқарма шөпшілерден әлі орала қоймаған екен. Келе жан-жағынан қаумалап алып:

— Иә, неғылдыңдар?

— Қасапханаға өткіздіңдер ме?

— Әлде пойызға тиедіңдер ме? — десіп шуылдасып жөнелгендердің жуық маңда жауап естімей тыншыма-сын білді де, көп созбақтамай, аудандағы естігендерін өз сөзіндей ғып айтып беріп тынды.

Жұрт қайта шуылдасып-дуылдасып жөнелді:

— Малымыз сойылмапты.

— Сойылмапты дейді.

— Бәрін Өкірайға айдайды екен...

Түсінбей қалғандарға тігісін жатқызып айтушылар да жетерлік:

— Үй-орманы өртеніп, күйзелген елге көмегіміз болады депті.

— Малдарын айдап әкеткен екен дейді.

— Қалған адамының тірлігі қиыншылыққа ұшырасын сөйткен ғой.

— Енді қайтсін...

— Қазақ халқының туысқандық көмегі бұл.

— Туысқандық көмек депті...

— Туысқандығы деймісің?

— Иә, туысқандығы...

Ауылдың екі-үш күнгі әңгімесі осы болды. Оған көрші ауылдан естігендердікі құйылып қосылып жатты.

Майкө үйіне бір қонып, ертеңіне Қотамбұлақтағы шөпшілерге кетті.

Күз түсе бәрі ұмытылды. Қыста сиыры бұзаулаған үйдің уызынан дәм татып отырғанда біреулер сиырын, біреулер тайынша, торпағын естеріне еріксіз алып күрсініп қойғандары болды. Бірақ жаз шыға бәрі ұмытылып кетті де, тағы да күз келді. Жауын-шашынды күндері бұлттан көз ашылмайды. Алғашқы суық ұрысымен-ақ жер қарақатқаққа айналды. Ұзамай қырбық қар түсті. Шықырлаған аяз қыса бастады. Жарығы жұтылып, тұнжырап тұрып алған қара көлеңкелі қысқа күндер туды.

Күн аралатып борап қар жауады. Соңғы аптада үзбей ұйтқи соққан борасын ауылды қармен басып салды. Үй-үйдің арасы жал-жал оппа. Аяздың күштілігі сондай — шөп тасыған ат-шананың сықыры түү қияннан естілетін болып еді. Ізі қалыбын бұзбай сол күйі сіресіп қатып, шыңылап жатты.

Осындай күндердің бірінде ауылға қаңғалақтап бір хат келіпті. Пошташы Молдаш оны ауданнан әкелген буманың ішінен іліктірді. Әрі қарады, бері қарады. "Қазақстан, Арал ауданы, Ақеспе ауылындағы Майкөнің иесіне" деген тосындау жазуына күмәндана үңіліп: "Иесі несі?" — деп таңданды да: "Қой, дәу де болса, Майкөнің өзіне болар?", — деп басын шайқады.

Әрине, мұндай хатты Майкө де күтпеген. Әуелі пошташы Молдаш қалжындап тұрған шығар деді. Бірақ пошташы шұңғыл қалтасынан суырып алып:

— Ал, оқышы, кімнен екенін білейік, — деп үшбұрышты хатты ұсынғанда өзі де, апасы мен іні-қарындастары да аңыра түсіп, лаулап жанып жатқан оттың жарығына таман тақалыса отырысып, хатты ашты. Тым-тырыс бола қалысты. Бәрінің көздері хатта. Оқи жөнелмек болып шүкшія берген Майкө ерні жыбыр ете түсті де, іле басын тартып ала қойды. Таңырқанудан көздерінің шарасы үлкейіп:

— Мынау орысша ғой? — деді сілейіп.

— Орысша деймісің? Әкелші бері, өзімнің жаман мойтвояммен оқып көрейін, — деп, Молдаш пошташы хатты қолына алып, ішінен күбірлеп оқи бастады.

Басқалары әлі үнсіз. Бәрі Молдаштың жыбырлаған еріндеріне қарап, қыбыр етпестен отыр. Құлақтарын тоса түскен болады, бірақ мұрнының астынан шыққан мырың үнді адам ажыратып болмастай. Бір мезгілде барып:

— Е-е, енді түсіндім, — деді дауысын ыңыранта созып, — ал енді айтайын не деп жазғанын, — деп, хатқа қайта үңіле еңкейді. — Тыңдаңдар, алыстағы Матрена шешей жолдапты қолымдағаны. Былай депті: "Қазақ туыстар, — депті, — сендердің бізге жасаған жақсылықтарыңызды біздің хутордың кемпір-шалдары мен шиеттей бала-шағалары өмір бойына ұмыта қоймас, үй басына бір-бір қарадан үлестіргенде, қуанғаннан көзімізді тыя алмай жыластық, жыламай қайтейік, жанымыз жақсылықтарыңызға тебіреніп кеткен соң, мойнында былғары мойыншағы бар қызыл баспақты еншілегенде есіміз кеткені ғой, бәрінен де кішкене немерем Дмитроның қуанғанын айт. "Әже, мойыншағында жазуы бар екен, аты

Майкө екен", — деп айқайлай жүртқа жайып, мақтанғанын қайтейн, құдай сендердің от-бастарыңа қуаныш әкелсін, содан бұл ат бізге ұнады, оны Майкө-Майкө деп шақыратын болдық, өзі ақылды жануар екен, — депті, "Майкө" деген дауысты естігенде елсіз деп құлағын қағып мәңіреп қоя береді", — депті...

— Алла, жануарым-ай, Майкөжанның атын естігесін іздеп мәңірегені ғой, — деп, шыдамай апасы күрсініп қойды.

Пошташы тамағын кенеп алды да, әрі қарай жалғанды. "Матрена шешей одан арман былай депті тағы да: "Майкөнің иесі, алдындағы малыңды қиып бізге жібергеніңіз үшін құдай сендердің шаңырақтарыңды аманшылыққа бөлесін, балаларың жаманшылық көрмесін, ғұмырлы болсын", — дейді...

— Беу, құдай-ай, — деді апасы жақсы тілекке жүзі шырайлана қалып.

— ...келген күннен бастап Майкөні жақсылап бақтық депті, қора салдық, қысқы шөбін мол етіп шаптық, жардай боп семірді дейді, ал биылғы көктем Майкө бұзаулапты... — деп, Молдаш хаттан басын көтеріп, бұларға естіп отырсыңдар ма деген сыңай қабақ тастады.

— Майкө бұзаулапты? — деді Майкө қуаныштан өз атын өзі қайталағанын да аңғармай. Оған жанында отырған іні-қарындастарыда керемет қуанып кетті.

— Бұзаулапты?

— О-о!

— Шуламаңдар! — деді пошташы, — әлі аяқталған жоқ. Былай дейді тағы да, сөйтіп құдай көз жасымызды көріп аққа жарыдық та қалдық, бірақ нағылет соғыс Майкөні босағамызға ұзаққа бұйыртпады...

— Не дейді? — деді апасы тіксініп.

Майкө селк ете қалды. Іні-қарындастары көзі бақырайып, түктің мәнісіне түсінбей жаутаң-жаутаң етеді.

— Обал дағы-ай, — деп, пошташы өзінен өзі басын шайқады. — Майкө жайылып жүргенде күздің аяғында минаға түсіп мерт болыпты...

Үй-іші үнсіздікке бөленді. Ешқайсысы ләм-мим дестен пошташының жүзіне қарап қалған.

—...әрі қарай: қайтеміз депті, тағдырдың жазғаны солай шығар, шүкір, артында бұзауы қалды, тірлік де-

ген осы ғой дейді, мойыншағын да соған тағып, Майкө деп атадық дейді. Бұған да тәубе айтады, ұзамай кішкентай Майкө де өсер, аққа да аузымыз тиер, енді қайтып жерімізде мина да жарылмас... Майкөнің иесі, бейтаныс туысқаным, біздің жағдай осылай, сендерге қайта-қайта тағзым жасап, қолымды жүрегіме қойып, ризашылығымды білдіремін. Әжемнің айтқандарын қағазға түсіруші, мен, Дмитро Вакуленко", — депті...

Бәрі бір сәтке үндемей қалысты. Шытырлай жанған сулау сақтың қазан түбін шерткілеген сытыры естіледі. Пошташы Молдаш күрк-күрк жөтеліп, ауызы шымшып буылған кішкене дорбасынан бір мытым махорка алып, сарғайынқы газет жыртындысына асықпай орауға кіріскен.

— Артында бұзауы қалып абұйыр болған екен, әйтеуір, — деп томсырая қалған тыныштықты апасы сейілткендей болды.

— Байғұс, балаларының напақасы ғой, игілігін көруге жазсын, — деді пошташы көсеумен шымшып алған сексеуілдің құмалақтай шоғын езуіндегі шиыртпасына апара беріп.

— Иә, тіршілік дегеннің жаратылысы бөлек қой, көрмейсің бе біздің қызыл баспақтың да артында ұрпағын қалдырып үлгіргенін, әй, құдайым-ай, — деп, оны апасы да қоштап қойды.

— Иә, — дейді пошташы Молдаш та мұрнынан көк түтінді бұрқырата рахаттанып.

— Иә, тірі тіршілігін жасамақ... — деп, апасы одан сайын күрсініп мұңая түседі.

Олар бірін-бірі өстіп демеп-қоштап қойып, ананымынаны айтыса бастады, қайдағы-жайдағыны еске түсірісіп, ауылышылық тірлік-күйдің таусылмайтын уақтыегін ұзақ шерттісті.

Майкө үлкендердің сөзіне араласпады, өзімен өзі болып кетті. Қолындағы алыстан келген хатты қыса ұстап отырып, минаға түсіп жарылған, қызыл баспақты слестетті. Көз алдына неге екені белгісіз Тобышақ шал екеуі ауданға айдап апарған ауылының сиырлары келді. Олар минадан қашып, мөңіреп, жанталасып жүргендей болды да тұрды.

Үлкендердің есейіп кеткен көңілдері ондайды елей

бермейтін болса керек, пошташы мен апасы баяғыдай қаннен-қаперсіз шүңкілдесіп әлі отыр. Іні-қарындастары ғана “Майкө... Майкө... Майкө...” десіп өзді-өзді әденеге таласып сыбырласып жатыр.

Майкөнің көңілін таныс бір үн алдаусырата елітті. Сусылдаған құрғақ сақтың сыбдыры... сосын көк пішеннің танауды қытықтаған хош иісін дір еткізіп босаға жақтан қызыл бұзау мөңіреді.

Майкө құлағын тосып қыбырсыз қалды.

Ошақ жақ сытыр-сытыр.

Пеш көмейін гулете суырып, сыртта қарлы боран ұйтқи соғып тұр...

2. ҮМІТ

Майкө кеңсе ішінде жападан-жалғыз отыр еді.

Ызыңдап ұшып жүрген бірер жылтыр қанат шыбын болмаса, аядай бөлме іші құлақкесті тыныштық. Тек алакөбең ауасы ғана аздап тымырсықтау. Өйткені күн-шуақ беттегі кішкене терезенің әйнексіз көзінен жарытып ауа келіп тұрған жоқ.

Қабырғадағы сарғайып, шет-шеті жырымданып, жыртыла бастаған карта бетіне қиғаштай түскен күннің сәулесі болар-болмас сырғанап діріл салады. Іштегі іркіле ұйып ыбылжыған ауаның осынау жарық шалған тұстары ақшаңдақтанып көрінеді. Еңсені езе түсер жым-жырттықтан бөлме ішінің жабырқаулығы қалыңдап, енжар қалыптың ауыр салмағы сезіледі.

Біразға дейін оны Майкө елемегендей-ақ еді. Бірақ алдындағы ақ параққа басқарманың берген ақпарларын әдемілеп көшіріп жазам деп жанын салып баққан ол біраздан кейін пәті қайтып, жаза-жаза жүйкесі таусылғандай болып, қажып, қалжырай бастады, тіпті қаламсапты қатты қысып ұстағандықтан мүйізденген саусағының сүйегіне дейін сыздап ауырып, білегі талып кетті.

Көздері удай ашыды, тұла бойын дел-сал күй маужыратты, ұйыған тыныштық ұйқысын келтіргендей, ауық-ауық есіней береді.

Өстіп отырғанда, қақырынып-түкірініп Әтіби басқарма келді. Құдайдың құтты күні абыржып, асығып жүретін кісі әдетінен жаңылмай, жағы сопиып, ерні